

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина
Университеті

Денсаулық сақтау саласындағы Риск менеджмент

Орындаған: Баялы.С.Қ

Тобы: ЖМ11-008-1к

Тексерген: Абирова Асель Жумахановна

Алматы 2015

Жоспар:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

a. Қауіп менеджменті

b. Денсаулық сақтаудағы қауіп-менеджменті жүйесі

c. Денсаулық сақтаудағы қауіптердің топтамасы

d. Медицинадағы қауіптерді басқару

e. Қауіп-менеджментінің параметрлері

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Қауіп менеджменті

XX ғасырдың басында дамыған елдерде жаңа ғылыми-практикалық бағыт пайда болды – адам іс-әрекетінің әр түрлі саласындағы қауіп-менеджменті. «Қауіп» ұғымының анықтамасы қазіргі әдебиеттерде белгіленген және бір мағыналы болып табылмайды.



Белгілі сөздіктер мен стандарттарда «қауіп» термині былай түсіндіріледі: «қауіп, шығын немесе зиян ықтималдылығы» (Ағылшын тілі сөздігі, Н. Уэбстер (1828); «ықтимал қауіп» (Орыс тілі сөздігі, С. Ожегов (1960); «белгілі әрекеттер мен шешімдер нәтижелерінде теріс салдарлары бар оқиғаның болуы ықтималдығы» (Үлкен экономикалық сөздік (1998)); «мақсаттарға ықпал ететін бір нәрсенің пайда болу ықтималдығы»



Денсаулық сақтаудағы қауіп-менеджменті жүйесі

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 713 бұйрығымен бекітілген медициналық ұйымдарды аккредиттеудің ұлттық стандарттарында қауіпті басқару мәселелері 4.2.3. критерийлерде белгіленді.



Қауіпті басқару жүйесі (Пациенттер және аурухана персоналына инфекция жұқтырудың алдын алу бойынша шаралар (ЖИТС, АИТВ, вирустық гепатиттер) және 7.1.1. Кәсіби қауіп бар персоналдың арнайы қорғаныс құралдарымен қамтамасыздығы, қауіпті қамтамасыз ету рәсімінің орындалуы (зертхананың, манипуляциялық рәсімдердің операциялық блогінің және рентген кабинеттерінің, инфекциялық бөлімшелердің және басқалардың қызметкерлері)

Денсаулық сақтаудағы қауіптердің топтамасы

Ресей ғалымдары денсаулық сақтаудағы қауіптердің мынадай топтамасын ұсынады:

- Әлеуметтік-саяси қауіп;
- Басқарумен байланысты қауіп;
- Азаматтық-құқықтық жауапкершілікке байланысты кәсіби (медициналық) қауіптер;
- Медициналық қызметкерлердің денсаулығына қауіп төндіруші қауіптер;
- Басқа қауіптер.





Қауіптерді басқару

Теріс оқиғалар болған кезде шығындарды азайтуға және орнын толтыруға (медициналық қателер, емдеу-диагностикалық процестің асқынулары), перспективаларды анықтауға және қызметті жетілдіру мүмкіндігін табуға бағытталған көп сатылы процесс.

Қауіп-менеджменті шешімдерді қабылдау шарттарына мұқият талдау жүргізуді білдіреді және ұйымның күнделікті жұмысына қосылуы, мыналар үшін қажетті басқару мәдениетін құруға бағытталған:

- қауіптердің пайда болу себептері мен негізгі факторларын табу;
- сәйкестендіру, талдау және қауіптерді бағалау;
- бағалау негізінде шешімдер қабылдау;
- қауіпке қарсы басқару әрекеттерін жасау;
- қауіпті қолданылатын деңгейге дейін төмендету;
- белгіленген бағдарламаны орындауды ұйымдастыру;
- жоспарланған іс-әрекеттерді орындауды бақылау;
- қауіптік шешім нәтижелерін талдау және бағалау.

Қауіп-менеджментін ұйымды басқару жүйесіне қосудың негізгі бағыттары

"Қауіптерді

1. Фрагменттеу (әрбір бөлімше дербес түрде және өз тілегі бойынша өз міндеттеріне сәйкес қауіптерді басқарады)
2. Эпизодтық (Қауіптерді басқару басшы қажет деп есептеген кезде жүреді)
3. Шектеулі қолдану (қауіптердің белгілі сегментіне шоғырландырылған)


Қауіп-менеджментінің жүйесі

1. Интеграция (процесті басшылық үйлестіреді, әрбір қызметкер қауіп-менеджментін өз жұмысының бөлігі ретінде қарайды)
2. Үздіксіздік (қауіпсіздікті басқару процесі үздіксіз)
3. Қызметтің барлық түрлерін қамту (барлық қауіптер және оларды басқару бойынша мүмкіндіктер қаралады)

Сонымен, қауіптерді басқару және сапаны арттыру 5.0 стандартында ықтимал қауіптерді минимумға, тұрақты мониторинг және бағалау жүргізуге түсіру бойынша медициналық ұйымының міндеттері анықталады.

Медициналық ұйым өз қызметкерлерін мынадай жолдармен қауіптерді төмендету ережелері бойынша оқытады:

- қауіпті қамтушы оқиғалар туралы хабарламаларды табу, бағалау;
- инфекцияның алдын алу немесе бақылау;
- жабдықтар мен материалдарды қауіпсіз пайдалану;
- адамдар мен жүктерді қауіпсіз тасымалдау әдісі.



Сонымен бірге, медициналық ұйым өрт шығу қаупін төмендетуі тиіс , персоналдың кәсіби қаупін, емдеу және жабдықты пайдалану қаупін, пациенттердің құлау қаупін, инфекция қаупі, қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу қаупін және дәрі-дәрмектер қаупін.

Қауіптерді басқарудың классикалық процесінің негізгі кезеңдері

Қауіп-менеджменті
контексін анықтау

Қауіптерді сәйкестендіру

қауіптерді талдау

Қауіптерді бағалау

Қауіптік шешімдерді
қабылдау және іске асыру

Қауіп-менеджменті контексін анықтау үшін ортаның сыртқы сипатын, ұйымның ішкі параметрлерін, сондай-ақ оларда процесс іске асырылатын қауіп-менеджментінің параметрлерін белгілеу қажет.

Қауіптерді сәйкестендіру – мақсаты болжамдалатын қауіптердің құрылымын, нысанның қасиеттері туралы қажетті ақпаратты алу болып табылатын бастапқы кезең. Жиналған ақпарат келесі кезеңдерде дұрыс шешім қабылдау үшін жеткілікті болуы тиіс.



Қауіптерді талдау – салдарларды, пайда болу ықтималдығын, демек, қауіп деңгейін, сондай-ақ қауіптік оқиғалардың пайда болу факторларын анықтау үшін жүргізіледі (сапалы құраушы бөлік). Мұндай талдау әлеуетті салдарлардың масштабын және олардың пайда болуының ықтимал жолдарын ескеруі тиіс. Қауіптерді талдау кезінде қауіптерді бақылаудың қолдағы бар құралдарын (модельдер мен әдістер) табу және бағалау жөн.



Қауіптерді бағалау – Қауіп деңгейін бұрын белгіленген критерийлермен салыстыру жүргізіледі. Бұл қауіптердің сандық сипатталуы (сандық құраушы бөлік), оның барысында ықтималдық және ықтимал зиянның көлемі сияқты сипаттамалар анықталады

Қауіптік шешімдерді қабылдау және іске асыру – қауіпке басқарушы ықпал, сондай-ақ қауіп-менеджментпен байланысты қызметтердің басымды бағыттарын белгілеу

Қорытынды

«Егер біз қауіптерді бағындырмайтын болсақ, онда олар бізді бағындыра бастайды...»

Бүгін денсаулық сақтауда қауіптер ұғымы елеулі кеңейтілгенін атап өту керек және көптеген медициналық, ұйымдастыру, басқару, психогендік (психикалық эмоциональдық), экономикалық және басқа қауіптер бар және олардың жүзеге асуы теріс салдарларға алып келуі мүмкін.

Қауіптерді басқару проблемасының жаңашылдығы мен өзектілігі қауіпті, қауіпті басқару, қауіпсіздікті талдау саласындағы мамандарды дайындау қажеттігін анықтап қана қоймай, сонымен бірге қауіптерді басқару теориясы мен практикасының маңызды сұрақтары бойынша басшы кадрларды дайындау қажеттігін анықтады, бұл осы кезеңде отандық денсаулық сақтау жүйесі үшін өте маңызды

Бұл мәселенің жаңашылдығы мен өзектілігі пациенттерге қауіпсіз және сапалы медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету үшін қажетті критерий болып табылады. Денсаулық сақтауда халықаралық стандарттарды енгізудің басымды бағыттарының бірі пациенттер мен персоналдың қауіпсіздігі болып табылады, мұнда қауіп-менеджментінің сұрақтары және қауіпті басқару жүйесі басты орын алады.



Пайдаланылған әдебиеттер:

- Қауіп-менеджментінің негізгі аспектілеріне шолу жасау (Д.А.Марцынковский) «Das Management» журналы, 2011 жылғы сәуір.
- Денсаулық сақтаудағы менеджмент (Н.Г. Петрова, Н. И. Вишняков, Е.Н. Пенюгина, И.В. Додонова) Москва 2009 жыл.
- «Денсаулық сақтау субъектілері үшін аккредиттеу стандарттарын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2009 ж. 16 қарашадағы № 713 бұйрығы.
- <http://www.zdrav-bko.gov.kz/kz/news/2648>

∟

Назарларыңызға
рахмет!!!